

**Сәтбаев қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 222 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Сәтбаев қаласы мен Жезқазған кентінің мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2014 жылғы 7 қарашадағы № 282 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 желтоқсанда № 2844 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 355 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 30.06.2015 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 222 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Сәтбаев қаласы мен Жезқазған кентінің мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2600 болып тіркелген және 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 16(2103) «Шарайна» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген мемлекеттік тілдегі Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Сәтбаев қаласы мен Жезқазған кентінің мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

қағидалардың 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен

соң

қолданысқа

енгізіледі.

Сессия төрағасы И.  
Қалалық

Бралин

мәслихат хатшысы

Т. Хмилярчук

К Е Л І С І Л Д І :

«Сәтбаев қаласының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар Б. Әпеков  
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

2014 жылғы 7 қараша

Сәтбаев қалалық мәслихатының  
2014 жылғы 7 қарашадағы  
33 сессиясының № 282 шешіміне  
қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның  
мөлшерлерін  
белгілеудің және Сәтбаев қаласы мен  
Жезқазған кентінің  
мұқтаж азаматтарының жекелеген  
санаттарының  
тізбесін айқындаудың қағидаларына  
1 қосымша

Отбасыны тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

### Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

Р/с	№	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасының құрамы туралы  
мәліметтерді куәландыруға уәкілетті  
органның лауазымды адамының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

( к о л ы )

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК